



Бейімбет Майлин
(1894-1938)



Бейімбет Майлин Өмірбаяны

- Туып өскен жері – қазіргі Қостанай облысы Таран ауданы. Қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. Бір жасқа толмай жатып әкесінен, алты жасқа толғанда шешесінен айрылған. Әкесі Жармағамбет, Шешесі Құлғизар, Атасы Майлы, Апасы Бойдастан, кедей болған. Шешесі бір байға сауыншылыққа жалданады. Жетімдік зардабын шегіп, байларға жолданады. Әжесі Бойдас кезі келгенде өлең де, шығарып жіберетін сөзге ділмар жан болған. Бейімбет сөз өнерін сүйіп, әдебиет жолына түсуіне ықпал жасады. Алғаш ауыл молдасында оқып білім алған. 16 -18 жасында Әбдірахман Арғынбаев деген кісінің медресесінде оқиды. Білімге құштар Бейімбет осымен тоқтап қалмай 1913 – 1914 жылдары Троицкідегі Уазифа яғни Міндет мектебін бітірген соң 1914 жылы Уфа қаласындағы Медресе Ғалияға түседі. Онда әйгілі оқымыстылар, жазушылар Мәжит Ғафури, Ғалымжан Ибрагимов, бертінде 90 жылдардың басында қайтыс болған дәріс беретін. Әйгілібашқұрт жазушысы Сайфи Құдаш пен Мағжан Жұмабаев та осы медреседе қатарлас оқыған.



Осы жылдарда ол қазақ, татар, башқұрт, орыс әдебиеттерімен кеңірек танысып, әдеби сауаты арата түсті. Майлин медресені аяқтай алмай 1916 – 1921 жылы ауылда бала оқыту мұғалімдікпен айналысты. Осы кездерде 1916 жылы ұлт – азаттық қозғалысына арналған төңкерістен кейінгі кездердегі қазақ аулының тұрмысын суреттейтін бірсыпыра өлеңдер жазды. 1922 -1923 жылы Орынборда шығып тұрған Еңбекші қазақ газетіне қызметке келеді. 1923 – 1925 жылы Қостанайда шығып тұрған Ауыл газетінде істейді. Раушан коммунист повесі осы кезде жазылады. Оның шығармаларында қазақ кедейінің мінез – құлқы, тұрмыс тіршілігі, арман мүддесі, бұрын болмаған деңгейде жан – жақты терең суреттеп типтік бейнелер жасалды. Майлиннің ақындық қызметі 1912 жылы жазылған. Мұсылмандық белгісімен басталады. 1916 жылы ұлт – азаттық қозғалысы Майлин шығармаларындағы халықтың сыйпаты күшейте түсті. Осы кезден жазылған Қанды тұман өлеңінде қараңғыға қамалған қалың елдің аянышты халық суреттеледі. Төңкеріске дейін жазған көп өлеңдерінде Мұқтаждық, Мал, Байлыққа ауылдың ауыр тұрмысы әлеуметтік теңсіздік жырланады. Ақынның шығармашылығында ұлт – азаттық, ағартушылық, демократтық сарындар түпкілікті қалыптасып жаңа биіктерге бет алады. 1964 – 1937 жылы Қазақ әдебиеті газетінде редактор болды. 1937 жылы халық жауы деген жаламен ұсталып, 1937 жылы ақпанның 25 – і күні жазықсыз тұтқындалып қызыл қырған саяси репрессияның құұрбаны болды. Майлин аз өмірінде аса өнімді еңбек етіп, елуге тарта кітабын шығарды.



● Өлеңдері;

- Бейімбет поэзия, проза, дарма, саласында бірдей өнімді еткен қаламгер. Сахара жұртының мұң мұқтажын арман аңсарын, әсіресе азаттық теңдік тақырыбын тілге тиек етеді. Бейімбеттің прозалық шығармаларында Кедей, Жауыз кім, Кедейге, Құтты болсын, Мейрамың, Бүгін, Гүлденсе ауыл гүлденеміз бәріміз, Коллективтің жырын айт, сияқты өлеңдерінде жаңа заманға әкелген ауылдағы өзгерістерді ондағы елдің тұрмыс – тіршілігін зор шабытпен жырға қосты. Майлиннің біраз өлеңдері әйел теңдігі тақырыбына арналған. Қыздың сәлемі, Қашқын келіншек, Ақсуаттың жанында, сияқты өлеңдерінде ескі салтқа негізделген қазақ қыздарының аянышты тағдырлары суреттеледі. Азат әйел, Ғазиза, Шал мен қыз, Ажар, сияқты өлеңдерінде жаңа заманда теңдікке жетіп, бақытты өмір сүре бастаған жастарды жырға қосты. Оның Байдың қызы, Рәзия қызы, Зайкүл, Маржан, Өтірікке бәйге, Хан күйеуі, Кемпірдің ертегісі, Бөліс, Мырқымбай, поэмалары тақырыбының әр алуандығымен оқиғалық тартымдылығымен өзіндік тіл стилімен қазақ поэзиясының көрнекті үлгілерінің бірі болып табылады. Оның әңгімелері өмір шындығын дөп басып көрсететін реалистік тегеурінімен көркемдік биік өресімен, тақырыбының әр алуандылығымен дараланады.



● Шығармалары;

- Бейімбет Майлин дарыны оның прозалық шығармаларында айрықша жарқырап көрінген. Әсіресе қазақ прозасында әңгіме жанры Бейімбет шығармалары арқылы кемелдене түсті. Ол көркем әңгімелері арқылы өзі өмір сүрген заман тынысы мен қоғам өмірін энциклопедиялық кемелдікпен сомдай алған ұлы суреткер. Бейімбет он беске тарта повесть, бұған қоса “Азамат Азаматович” атты роман жазған қаламгер. Оның “Қызыл жалау”, “Қоңсылар” атты романдары аяқталмай қалған. Мұның сыртында ол ірілі ұсақты 25 пьеса либретто сценарийлердің авторы. Бейімбет Майлин шығармалары қазақ әдебиетін барлық салада байытқан рухани асыл қазына ретінде халқымен мәңгі бірге жасайтын болады. Жиырманшы ғасырдағы қазақ әдебиетінің іргелі жанрларын қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосып, биік белеске шығарысқан аса көрнекті суреткер жазушы ақын әрі драматург Бейімбет Майлин - өндіре жазып сөз өнерінің алтын қорына жататын туындылар берген бірегей дарын. Замандастары; Маңдайына түскен шашаын сұқ саусағына орай ширата отырып жазудан бас алмайтын еді. – деседі. Сондықтан да кемел қаламгердің қыршын жаста, қырықтың төріне жетер – жетпесте дүние салғанына қарамай, атағы да зор, артына қалдырған әдеби мұрасы да аса бай. Бейімбет Майлин ұлт – азаттық көтерілісін жақтап, азаматтарды атқа қонуға шақырған өлеңдер жазады.



- Үкіметтің арнайы шақыруымен 1925 жылы жаңа астана Қызылордаға келіп республикалық басылымдарда жауапты қызметтер атқарады. 1934 – 1937 жылдары Қазақ әдебиеті газетінің редакторы болады. Өмірінің ақырына дейін 1934 жылы құрылған Қазақстан жазушылар одағының басшылық құрамында болып әдеби істі ұйымдастыру жас таланттарды тәрбиелеу жұмысына аянбай ат салысты. Туған өлең, поэмалары, соның ішінде қазақ кедейінің типтік бейнесін табиғи сомдаған Мырқымбай, қысқы да қызықты әңгімелері. Шұғаның белгісі, Раушан коммунист, Азамат Азаматович романы, Талтаңбайдың тәртібі, Майдан, Неге қияр, драмалары бәрі жиналып келіп, ауыл өмірінің біртұтас көркем күнделігі ғажайып суреттің шежіресі іспетті. Даңқты замандастары Бейімбет шығармашылығын солай қабылдап солай бағалады да, Өндіріс өмірін суреттеуге мен әлі күнге шейін кірісе алғаным жоқ. Өйткені әлә күнге дейін өндіріс өмірімен таныстығым жоқ. Ақын өлеңдерінің мазмұны мен өзіндік көркемдік сипаттары оның осы ауыл өмірінің реалистік бейнесін сомдауымен ерекшеленеді.

Бейімбет Майлинге арналады

- 1933 – 1936 жылдары жарық көрген төрт томдық шығармалар жинағын қоса алғанда, көзі тірісінде Б Майлиннің елу шақты жеке кітабы шықты. Бұл жағынан кезінде оған теңдес басқа қазақ қаламгері болған емес. Үлкен суреткер артына тамаша туындылар қалдырды. Ол бүгінде де қазақ оқырмандарының ең көп оқитын қызығын оқитын жазушылардың бірі. Қазақ прозашыларының қазіргі таңдауды саңлақтары Бейімбет Майлинді өздеріне ұстаз санайды және оның шеберлігінен үздіксіз үйренеді. Өлеңдері мен поэмалары Бейімбет Майлин қазақ қаламгерлерінің көпшілігі сияқты жазуды ақындықтан бастаған. Оның қазақ поэзиясының тарихында өзіндік орны үлесі бар. Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі, Бейімбет қаймағы бұзылмаған қазақ ауылында туып өсті.

